Қарағанды облысының әкімдігі

Қарағанды облысының әкімдігінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 07 /01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қаңтарда № 9-0-6354 болып тіркелді

Акимат Карагандинской области

# «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 16/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 16/01 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27262 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 қосымшалары осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

аталған қаулының 5 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1 тармағы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қарағанды** **Е.**

| | |
|---|---|
| **облысының әкімі** | **Булекпаев** |

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 27
қаңтардағы
№ 07/01
қаулысына 1-қосымша

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2022 жылғы 17
наурыздағы
№ 16/01
қаулысына 1-қосымша

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Елді мекен | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеленушілер саны | Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | | | | |
| | | 10,5 сағаттық болу режимі бар топтар | 9 сағаттық болу режимі бар топтар | Жарты күн болатын шағын орталықтар, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды даярлық сыныптары | Түзету топтары | Санаторлық топтар |
| Ауыл | 8 823 | 50 933 | 46 891 | 22 310 | 91 748 | 76 311 |
| Қала | 31 575 | 46 189 | 42 674 | 20 202 | 81 864 | 68 404 |
| Барлығы | 40 398 | | | | | |
| Радиация аймағындағы өңірлер үшін | | | | | | |
| Ауыл | 8 823 | 52 681 | 48 445 | 23 045 | 95 389 | 79 223 |
| Қала | 31 575 | 47 937 | 44 228 | 20 937 | 85 505 | 71 316 |
| Барлығы | 40 398 | | | | | |

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 27
қаңтардағы
№ 07/01
қаулысына 2-қосымша

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2022 жылғы 17
наурыздағы
№ 16/01 қаулысына
2-қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| Аймақтың атауы | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері | | | | |
| | Тәрбиеленушілер саны | Балабақша/ бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | 9 сағаттық жұмыс режимі бар мектепке дейінгі ұйым (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) |
| Абай ауданы | 2 170 | 13 500/14 500 | 11 500/12 500 | 13 500/14 500 | |
| Актоғай ауданы | 512 | 14 000/16 000 | 8 000/8 500 | | |
| Балқаш қаласы | 3 032 | 13 900/17 200 | 13 900/17 200 | 13 900/17 200 | |
| Бұқар жырау ауданы | 1 711 | 14 000/15 000 | 14 000/15 000 | 14 000/15 000 | |
| Қарағанды қаласы | 18 248 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | |
| Қарқаралы ауданы | 1 061 | 10 500/11 500 | 6 400/6 500 | 10 500/11 500 | |
| Нұра ауданы | 978 | 14 500/15 000 | | | 9 500/10 000 |
| Осакаров ауданы | 1 124 | 11 440/14 500 | 11 440/14 500 | | |
| Приозерск қаласы | 501 | 14 500/15 500 | 14 500/15 500 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Саран қаласы | 1 595 | 13 000/16 000 | 13 000/16 000 | 13 000/16 000 | |
| Теміртау қаласы | 5 876 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | |
| Шахтинск қаласы | 2 323 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | 16 000/17 000 | |
| Шет ауданы | 1 267 | 12 000/13 000 | 12 000/13 000 | 12 000/13 000 | |
| Барлығы | 40 398 | | | | |